

**Мұхтар Мағауин**

## **“А. А.” АШУЛАНЫП ЖАТЫР**

“А. А.” – “Адамзаттың Айтматовы” ашуланып жатыр. Бірақ ашудан дағдарыс басым. Дағдарыс қана емес, торыңу. Үмітсіздік демейік. Шайтан емес қой. Далада қалмасы анық. Бірақ барының біразынан айрылғаны күмәнсіз. Қанша дәуірлесе де, бұрынғыдан бола алмайды. Сондықтан дағдарыс та, торығыс та занды. Эйткенмен, ашу басымырақ.

Дағдарғаны – өзі орнатпаса да, қабырғасын қаласқан, берік ұстын, қайыспас тірегі болған Ақаев өкіметі халықтың наурыз көтерілісінің дүмпуімен биліктен тайдырылды. Әзіргі нәтиже – көлеңкелі сипат қана, “... выплынулось на торговые улицы повальное мародерство” (“Известия”, 29.III.2005), яғни, “пока что” сауда орындарын жаппай тонаудан басқа ештеңе көрмей тұрмыз дейді ағаңыз. Жоқшылық жүйкесін тауысқан ызалы, кекті жұрт тарабынан осындай да әрекет болғаны рас. Бұл жағын әсіресе ресейлік басылымдар мысқылдай, кекете отырып, рақаттана жазып жатыр. Бірақ наурыз көтерілісінің негізгі қорытындысы – момын, бейбіт елді қайыршылыққа жеткізген, қарсылық атаулыны күшпен басып, қан төгуге дейін барған, халыққа жат, топас әрі түйсіксіз биліктің төңкеріліп қалуы. Айтматовқа, оның жақын жұрагатына мәңгілік көрінген көрсөкүр билік. Ерте ме, кеш пе, осылай болуға тиіс еді.

Бұл жағын атақты ағамыздың өзі де теріске шығара алмайды. Тіпті, көріп, біліп отыр едім дегендеге емеурін бар. Жағдай асқынып келе жатыр еді, “жаппай кедейлік, жаппай жұмыссыздық, және содан кем түспес сыйбайлас жемқорлық ұзақ жылдар бойы дамуға емес, азып-тозуға негіз болды” деп күйінеді, ақыры, енді міне, зардабы шешімтал, тіпті, жабайы әрекетке бастады, осылай болмас жөні жоқ еді, кеселді түйін шорт кесілуге тиіс еді дейді. Ауыр жағдай, қын ахуал. Мұндайда қазак “Дүшпаныңың басына бермесін” деген. Ал қырғыз – ағайын, туыс жұрт, тағдырлас көршілігін айтпағанда. Ел ағасының реніш, кейісі орынды, біздің де қабырғамызға батады. Аталас қауымның таршылықта қалғаны, жаппай жоқшылыққа ұшырап, күн озған сайын жүдеп бара жатқаны көлденен жүрттың өзіне жақсы мағлұм еді. Бүкіл халық басына көтерген қайраткер жазушы да ауыр ахуалдан хабардар екен, және ақыр түбі неге соғарын қапысыз андапты. Ендеше... қаламгер ретінде құрметі шексіз, саясаткер ретінде сөзі өтімді, халыққа қадірлі, билікке беделді Ш.Айтматов бұдан бес, он... емес, тым құрса бірер жыл, үш-төрт ай бұрын, ел аман кезде неге ғана кембағал жүрттына ара түспеген, билік пен байлыққа мастанған, тәнірісін ғана емес, тәубасын да ұмытқан жақын серігі Асқар Ақаевқа ықпал етуге тырыспаған? Егер ондай әрекеті болса, бұл әрекет, айтылған адал сөз ілтипатқа алынбаса, министр баласы жұмсақ орында отыра берсін, өзі де тиімді қызыметін тастамасын, оппозицияға кетпесін, неге ғана жүрттына жар салып, өкіметін икемге, халқын береке-бірлікке шақырмаған? Өлде қарапайым жүрттың

қайыршылығын, билік пен байлықтың зорлық-зомбылығын жаңа ғана көріп отыр ма? Ендігі ақылдан не пайда, іс біткен соң, қу кеткен соң! Асқар Ақаев жиеніміздің де соры қалың екен, Айтматов сияқты айныматысы бар. Кеше ғана мадактап еді. Сүйесін, жебесін болып еді. Басынан бақ тайған күні итеріп таstadtы да жүре берді. Иә. Кімдерге қосшы болмаған бұл ағаңыз. Хрущевтің кезінде санатқа жетті. Брежневтің тұсында атақта жетті. Горбачевтің заманында тіпті дәуірледі. Аспандағы Кремль тұрғанда, аяқ астындағы, Қырғыз, Қазақ атанған республикалар немене. Мұнда әміршіге, әулиеге парапар деңгейде дәурен сұрді. Абыз ретінде өситет шашты. Біздегі әйгілі Желтоқсан оқиғасынан соңғы ұлағатының өзі неге тұрады. Колбин сияқты көсемі бар Қазақстан қандай бақытты! – деп, бүкіл Советтер Одағына жар салды ғой. Міне, өзінің мұбәрак сөзі, орыс тілінде, қаз-қалпында: “Была у меня продолжительная беседа с товарищем Колбиным. У меня в результате осталось хорошее впечатление об этом руководителе. Думаю, Казахстану повезло. И казахи начинают это понимать...” Ал, керек болса! Әуелде Колбин сабаздың кім екенін түсінбей қалып, кейінгі қыргыз сияқты жаппай бұзықтық жолымен көшеге шыққан маңқа қазақ арада жыл толғанда көкесінің өзгеше бітімін аңдай бастаған. Бірақ жыл толмай ұғып-танаған, бәлкім, сол дурбелең кундердің өзінде бар қасиетін бағамдаған – осы ағаңыздың өзі екен! Түсінген, білген ағаңыз неге ақыл айтпасқа, түсінігі төмен топасқа жөн сілтеу де айып болып па.

Бірақ ағаңыз мұнымен де тоқтамапты. Көп ұзамай, ақыл айтудан – сөгіп, жерлеуге ойысқан. Қазақ ғалымдары дүмше, қазақ жазушылары шалагай деген сарында. Бұл реткі әңгіме сұмырай Колбиннен емес, өткен тарихымыздың тұтас бір дәуірі, сайыпқыран Шыңғыс ханнан бастау алыпты. Иә. Айтқамыз, жазғамыз. “Ешкі жетектеген екеу” деп аталатын толғауда. Нәтижесінде...

Ағаңыздың астам сөз, аттан-дабырына ем табасыз ғой, өзіміздің адас ағайын, Колбиннің кім екенін Айтматовпен қатар танаған, тіпті, одан гөрі жақынырақ білген бір бауыр, ол бауырдың соңынан ерген, тағы да өзіміздің саналы тобыр бізді көк өгізге теріс мінгізіп жіберуге шақ қалды. Колбінді көтерген, қазақта тарих жоқ деген – басқа емес, мына біз болсақ та осыншама балағат естімес едік. Әуелгісін айтпағанда, кейінгі тарихсыздық туралы қағиданың бел ортасында тұрған Айтматов, жалы күдірейіп, еңселене көтеріліп, герой болып шыға берді.

Онымен, яғни, сөз жүзіндегі тайталаспен салыстырғанда бүгінгі ахуал сәл күрделірек. Бірақ талайды көрген күлік ағаңыз тағы да шашасына шаң жүқтірмай өтеді. Горбачевтің тілін тапқан, Ақаевті айтқанына жүргізген Айтматов бұдан соңғы басшылармен де оп-оңай ұғыспақ. Мейлі. Ел өзінікі, президент те өзінікі. Біз атақты ағамыз жүдеп қалады деп қайғырып отырғамыз жоқ. Алай сөйледі, былай сөйледі деп те қысылмаймыз. Өзімізді түзей алмай жатқанда. “Тас – түскен жеріне ауыр” деген қазақ. Игілік те, қындық та ең алдымен қырғыздың өз еншісінде.

Онда несіне сөз көтеріп отырмыз? Есіркеп, мұсіркеп, үндемей-ақ қойса қайтер еді? Ашулансын, күйінсін, өкінсін, үгіт, насхат шашсын, ақыл

айтсын. Ешқандай қарсылық жоқ. Бізді тілімізден тұрткен – тағы да өзіміздің қазаққа қатысты жағдай. Міне қараныз. Бүлік дейсіз бе, қозғалыс, төңкеріс дейсіз бе, осы наурызыдағы, қайткенде де ауыр басталған, акыр түбі немен тынары белгісіз, әзірше Ақаевті биліктен кетірген, ел ішіндегі өзгеше дүрбеленің басты күнәкары... қазақ екен! Бүгінгі бүліншілік қана емес, оған себеп болған хал-ахуалдың түп тамыры, керек десеңіз, қырғыз жұртының кедейшілік, кембағал жағдайы... бір сөзben айтқанда, бар пәле – мына бізден! Сенбейсіз бе? Жаңағы, “Известия” газетіндегі мақаласын қараныз. Толығынан қамтып келтірейік. Былай депті: “Я давно выдвигал и выдвигаю идею нашей региональной интеграции, центральноазиатской интеграции, евразийской интеграции: именно этот синтез эпохи открывает новые перспективы и возможности взаимодействия на общее благо. К сожалению, все получается наоборот. Изолированность, вызывающая замкнутость, блокпосты, кордоны современных соседних стран, сугубо эгоистическая ориентация в нефтегазовых и прочих расчетах на большую выгоду в торговле с другими, дальнопотребительскими странами, невзирая на то, что рядом бытуют жизненно важные потребности нищенской повседневности соседей, – это все мешает справедливым отношениям. Это тоже надо преодолеть, это тоже надо иметь в виду, если обозревать будущее Центральной Азии.”

Міне, осында, кең көлемді толғаныс. Бар тереңін түйсінуге тіліміз де, мыйымыз да жетпес, түйсігіміз танығанын ғана ұстайық. Ағаңыз орталық-азиялық, еуразиялық бірлік керек, ұйымдастық, жалғастық керек деп, бұл – жаңа серпін мен өзгеше мүмкіндіктердің кепілі деп қанша айтса да, ешкім құлақ аспапты. Бәрі керісінше шыққан. Қөрші елдер қалтқысыз араласу жолына әрқылы бөгесіндер қойған, оқшаулану, тұйықталу (сірә, қырғыз жұртының) күшейе түсken, мұнайгаз саласындағы және басқа да тараңтағы өзімшілдік есептер, өзін ғана ойлаған пайдакүнемдік, жақынның өмірлік мұддесі, кембағал жайы ескерілмей, алыстағы жұртпен сауда жасау арқылы үлкен пайда табуға ұмтылу – әділетті қатынастарға бөгесін болып отыр... Міне, долбармен айтқанда, шамасы осы. Орысшасы оңып тұрған жоқ, қазақшасы да сол дәрежеде шықты, бірақ мән-мағнасы түсінікті болса керек. Тек үлкен жазушының бейнелеп, тұспалдалап айтқан терең сөздерін аз-маз жайдақтауга тұра келеді. Қыргызстанның тікелей шектес қөршілері кім еді? Өзбекстан, Тәжікстан, Қазақстан. Іргелес Қытай түгілі, аралығы бітеу Түркменстанға да сөз жүрмейді. Сөз осы үшеу, немесе солардың екеуі, біреуі туралы болуға тиіс. Ары қарай кеттік. Бар пәле “нефтегаздан” шығып отыр деді ғой. Өзбектің мақтасы емес. Тәжіктің тау-тасы қырғызыдың өзінде де бар. Сонда... мына біз болдық. Мұнайы атқылап, газы бұрқырап жатқан – Қазақстан ғой! Кроссворд шешілді. Бірақ алақай емес. Реніш, өкпе ғана. Реніш, өкпе емес – ашу, ыза. Мол пайда табу мақсатында алыс жүрттармен сауда жасайсыз, ал сол мұнай мен газы құрғырды дәл іргенізде отырған қөршіге он есе арзан бағамен, бәлкім, құда-андалық, туыстық жөнімен мүлде тегін бермей отырсыз! Ол аз

болғандай, шекараңыз бар, кеденіңіз бар. Бәрі бөгесін. Осындай сараптың пен қатыгездік нәтижесінде туысқан республика қын жағдайға түскен, ақырғы нәтижесі мынау, ойламаған бүлік шықты, бауырымыз билікпен қоса кетті, енді ағамыздың өзінің қызыметіне қатер төніп тұр... Ол рас, соңғы, билік, қызымет жайы. Ал бүлікке келсек... қазақтың не жазығы бар? Әлде арыстан атаулы ашуын ала беретін тырна мына біз болғанымыз ба?

Байыбына барсаңыз, өкпе де, ашу да, ыза да орынды екенін аңдайсыз. Қырық жыл бойы қалағанын тегін алғып келді ғой. Қырғыз жүрті емес, абырайлы ағаңыздың өзі. Алмағаны жоқ, қанағат етіп, алғыс айтқаны және жоқ. Басында емеурін болған шығар, артынан бәрі де ұмытылды. Мәселен, бұл ағаңыздың жолын, белгісіз, қаршадай бала кезінде, сіздің аруақты атаңыз ашып еді. Мұхтар Әуезов деген. Одақтық баспасөзде жазды, шет жүртқа жалғастырды, атақ-абырайын асқақтатып кетті. Ағаңыз алғысын айтып тауса алмаған. Енді біржола ұмытылды, мені көтерген – Луи Арагонның қатыны Эльза Триоле деп жүр. Мұхаңның тоқсан жылдық тойына арнайы шақырылып келгенде, Колбинге жалтақтап, бір ауыз тұшымды сөз айтуға жарамады. Желтоқсаннан соң қабынып отырған қазақ тұрыпты, одан көп бұрын өтіп кеткен, торқалы атаңыз туралы. Сондағы өзбек Кәміл Яшеннің лепесі әлі күнге кулағымызда. Қазақ – үлкен халық деді. Қазақ – бауырмал, кең халық, ер халық деді. Осы халықтың ортасынан шыққан Мұхтар Әуезов – әлемдік тұлға, қазақ қана емес, бәрімізге ортақ ұлы жазушы деді. Мына абырайлы Шыңғыс Айтматовтың өзінің жолын ашқан, бағын көтерген – сол Мұхтар Әуезов болатын деді. Сейтіп, “Шықаң” өзіне қорлық санап, бәлкім, қауіпсіздік жөнімен бүгіп қалған, бірақ жалпы жүртқа белгілі ақиқатты жазушылығы шамалы, адамдығы зор ақсақал мойынға салып беріп еді. Ертеңіне... “Шықаң” Колбин жолдастың қабылдануында болып, ұзак әңгімелеседі. Ешқандай айыбы жоқ. Партиялық басшы, шақырды, немесе өзі сұранды, барды, отырды, сырласты. Қызығы бұдан соң. Иә, оны білеміз.

Бұқар жырау айтқандай, “ақылы жоқ сал қазақ” осыдан соң ішін тартса керек еді. Жоқ. Айтматов әуелгіден де сүйкімді көрінді. Бұған дейін бар қазақтың төбесіне шыққан. Ешбір тірі қазақ, тіпті әлі қазақтың өзі көрмеген, естімеген марапатқа жеткен. “Адамзаттың Айтматовы!” Жер әлемде бұрын-соңды ешбір жазушы, қайраткер алмаған, ақылға сыймас атақ. Соған орай бәрі де асып-төгіліп жатты. Кітаптары том-томымен шығады. Қаламақы дария болып құйылады. Мадақ, марапат шектен асады. Қазақтың өзіне жетпей жатқан кітап, жарытпай жатқан ақша, сыйымдап беретін абырай. Мұның бәрі түк емес. “Адамзаттың Айтматовы” – әдебиеттің бірден-бір үлгісі деп жарияланды. Ой өрісінің тарлығы, тұлғаларының жасандылығы, оқигаларының жалғандығы, жазу техникасының тәмендігі есеп емес – кім көріпті, кім біліпті. Азғана сентимент, арзан экзотика, жекелеген қиғаш тағдыр, бұрын суретке түспеген бейтаныс өмір елестері, оны аз десеніз – болашақ ортақ луғатымыз ұлы орыс тілінде жазуы, ең бастысы – соц реализм

ауқымындағы балшабектік идея, одан да күштісі – совет өкіметі мен коммунистік партия, оның ең жоғарғы билігі тарабынан тегеурінді қолдау Айтматовтың атағын Одак көлемінде дабылдатты. Көп ұзамай бүкіл социалистік лагердің туына айналып, кең дүниеге таралуына барлық жағдай жасалды. Жан-жақты насихатталып, марапат үстіне марапат үйіліп жатты. Советтер шегіндегі тоқсан ұлтты түгел туыс санайтын, оның ішінде, қырғызды арғыннан артық көретін аңқау қазақ, дарқан қазақ қолқ етіп түсті де қалды. Үлкен атақтың бір жақ шалғайына жармаса кетсін. Сөйтіп, орысша айтқанда, басқаның шанасына отырып, әдеби коммунизмге жетпек болды. Далбақайлар ден делбелерге жарамсақтар мен жандайшаптар қосылды. Сөйтіп, бір көрімге тәп-тәуір, екінші қайыра окуға жарамайтын, жүгі жеңіл, орта дәрежедегі шет жұрт жазушысы қазақтың ғажайып прозасы бар ұлы әдебиетінің төбесіне шығарылды. Бұл да ештеңе емес. Ұлық танылған соң, ұлгі көрінген соң, кенеусіз мадақталып, бар тарапта алдында тұрған соң, ұлттық дәстүрде тәрбиеленген, орыстың, европаның классикалық әдебиетін ана тілінде танылған зерделі қазақ оқырманы дағдарысқа түсті, талғамын бұзды, өзінің барын бағаламау тұрыпты, үлкен әдебиет туралы ұғымы басқа бір, теріс, жадағай кейіпке көшті. Мұның ақыр тубі бүгінгі қазақ әдебиетін кемшін санаған топас надандыққа алып келді. Бұған өзіміз ғана бас қойғамыз жоқ, басқа болмаса да, қазақ тарабында әулиеге теңелген Айтматовтың өзін имандай сендірдік. Енді ағамыз бүкіл қазақ әдебиетін – кенеусіз игеруге патент берілген меншікті “шикізат қоры” ретінде қымсынбай пайдалануды үйреншікті әдетке айналдырды. Және алышып отырып астам сөйлейтін болды. Ақыл айтумен ғана шектелмеді. Жерлеп, сөгіп, кемісітүге көшті. Мейманасы тасып, шектен шыгуының ең соңғы бір көрінісі – сайыпқыран Шыңғыс ханға, қазақ тарихына қатысты, қазақ ғалымдары мен қазақ жазушыларының дәреже, деңгейін белгілеген қаралы үкім айтқан, арысы Мәскеу, берісі Алматыда, орысша, қазақша топырлап жарияланған мақалалары мен сұхбат сөздері болды. Мейлі. Горбачев пен Колбиннің кезінде айтып үйренген ауыз. Көтерілген мұрын. Қисайтып жіберу, жапырып жіберу оп-оңай. Қисайып, жапырылып бара жатты. Бірақ... “Адамзаттың Айтматовына” көмекке жарым қазақ жабылды. Нәтижесінде қалайы қылышын білеген суретімен саржағал “Жас алаш” бетіне ойнақтап шығып, жалы күдірейіп, басыңызға сарып жүре берді. “Адамзаттың Айтматовы” туралы ауыл-үйдің маңында ғана жүрген сорлы қазақ бір ауыз қигаш сез айтуына болмайды екен. Тым күрса, өзін қорғап, тарихын қолдап.

Бұл тараптағы ең соңғы мысал. Қазақтан етіп, неміске жеткен. Неміс болғанда, қазағуар ғана емес, қазақтанып кеткен. Соңдықтан да қалған қазақтан тыс мінез-қылышы, наным-түсінігі жоқ. Яғни, бұл да таза қазақ Герольд Бельгер.

Сонымен, Гера бауырымыз “Парасат” журналында жарияланып жүрген “Күнделік” дәптерінде Әбдіжеміл Нұрпейісовпен кезекті әңгімесін еске ала отырып: “Соңғы уақыттарда ол Айтматовқа... қаталдау қарайтын болыш жүр”, – дейді. Қаталдығы неде екенін таратып айтпаған. “Бұл,

эрине, оның субъективті пікірі” деп, сырғытып өте шығады. Бірақ арада екі күн өткенде бұл тараптағы өзінің, сірә, объективті пікірін нақтыладап жазыпты. Былай дейді: “Қазіргі қазақ жазушыларының басым бөлігі Солженицынге де (оның Қазақстан жайлы көкімесінің ешбір қисынға келмейтіні түсінікті), Айтматовқа да (ал бұл жерде бізді құртып отырған кәдімгі қызғаныштың қызыл иті) қырын қарайды. Осы есімдер аталғанда “данышпандардың” көбі екіжүзділікке бой ұрады. Ау, әуелі Айтматов шыққан шыңға көтеріліп алу керек қой. Оның шығармалары әлемнің 154 тіліне аударылған. Тым болмаса, 10 тілге аударылған қазақ бар ма? Сөйте тұра, жоқ-барды термелеп, тырнақ астынан кір іздейді. “Қазақ әдебиетінде” Шыңғыстың 75 жылдығына орай әділін айтып, Тынымбай ерлік жасады. Бірақ Шыңғыс кезінде есімдерін бүкілодақтық мінбеден әлемге әйгілеген “достары” жақ ашуға жарамады. Ұят!”

Шын ұят алда. “Шықаңның” алдағы сексен жылдығында сол Тынымбайдың өзі жазбай қояды. Жазу тұрыпты, тым құрса екі-үш адам есіне түсірсе жақсы. Ал тоқсан жылдықта... бәріміз де ұмытамыз. Қазірдің өзінде қайыра қаузап көрінізші. Тіс арасына ілінетін бірденесі бар ма еken. Кәріқұлақ зейнеткердің өзі алданар ештеңе жоқ. Уақыты өтіп кеткен өтірік өлең. 154 тіл! Сол да сөз болып па! Айтматов деген кім ол, Коэльо деген, өкімет пен партия, барлық ашық және жабық – тежеуші, демеуші, тексеруші, тергеуші орындар – билікші империя жан-тәнімен қолдамай-ақ, өзінің еп, енбегімен бір күнде сексен бес тілге аударылған, қазіргі әлемдік халтурщикпен салыстырғанда! Шаңына ілесе алмайды! Ал Ленин көкеніз бес жұз тілге аударылған. Бәлкім, дүниеде бар бес мың тілге түгел. Ал, не шықты? Кім оқиды, кім біледі? Бүгінгі жастың кейбірі еміс-еміс естіген, атасы мен әжесінен. Енді он жылдан соң кім қалады, не болады? Лениннен әулие емес. Оны да ұмытқан фәни жалған. Бұлыңғыр заманның бұлдыр тұманы көтерген, аз-маз самал соққанда бар дабырасы түтіндей тарқаған баяғы Айтматовты бүгін де қатарға қосып, ұмытпай жүрген мына біз ғана. Әзірге.

Біз ғана әлі күнге тұлға тұтып тұрмыз. Көкке көтердік. Барымызды түгел алдына тостық. Бәрібір риза болмапты. Журегімізді суырып, бүйрекімізді қуырып берсек те. Мұнай... газ... өзімізде қалыпты. Бергеміз басқаға. Сатып, саудалап. Алыс та болса шет жұртқа. Ақша үшін, пайда үшін. Құдайы көршіге тегін тарту ойға келмеген. Әділдікті ұмытқамыз. Нәтижесінде... міне, бұлініп жатыр.

Жә. Қырғыз тезінен оңалсын. Өзбек те, түрікпен де бұлінбесін. Чешен аман шықсын мына, кенеусіз қырғыннан. Ауған да, Фирақ та өз мұратына жетсін. Орыс та тоқ болсын. Ең бастысы – қазағымыздың ырысы шайқалмағай! Басшыларымыз арыдан пайымдал, қосшыларымыз тәубасын танып, байларымыз ынсан, жайларымыз қанағат ойлап, дүние бұзылмай тұрғанда кемтігімізді толтыруға, жыртығымызды жамауга тырысайық. Жетісті деген біздің де жетімсіреп жатқан жағдайымыз аз емес. Ақылмен, сабырмен шешейік. Шешеміз. Өйткені, “Біз – қазақ, ежелден еркіндік аңсаған”, еңсеміз биік болған. Өзіне жан тенгермен

қазақпыш. Тек кейінгі, отарлық кезенде қолдағы асылды көрмей, басқаның балшығын қызықтап кеткен, аз-маз жалбақайлығымыз болмаса.

Айтпақшы, бар әңгіме “А.А.” – “Адамзаттың Айтматовынан”, асқаралы ағамыздың аз-маз өкпесінен шығып еді ғой. Біз де кейіс, ренішімізді білдірдік. Көңілдегі түйткіл тарқады. Енді ойлап тұрсақ... ағамыз өкпеназын бізге айтпағанда кімге айтады. Бірге туған жалғыз жанашыр бауырга. Жан қысылған, тыныс тарылған кезде. Артық-аудыс түсіп жатса да айып емес. Біздің де ешкімді мұқату ойымызда жоқ. Жалпақ жұрт түгілі жеке бір кісіні. Тек орайы келген соң ірікпедік. Бүгінге емес, өткенге, өткенге ғана емес, келешекке қатысты сөз болған соң. Өйткені... біз де іргелі ұлтпыш, біздің де өз қызығымыз, өзіндік мұддеміз бар. Өмірдің барлық саласында. Оның ішінде әдеби үрдісте. Енді жаңағы, “оның қасында сен кімсің”, “шет елде сені кім біледі” дегенге келсек, бұл да тасырлықтың бір көрінісі. Шет елде қай халық қазы кертіп, қарта шайнап жатыр екен. Ағылшын мен испан жылқы етін жемесе – жал-жая жарамсыз деген сөз емес. Әдебиет пен өнер де сол сияқты. Ең бастысы – өз жұрттымыздың қажетіне жарау. Пәленбай деген халықтың әлем таныған кереметін Абай мен Мұхан тұрыпты, Шортанбай мен Мұратқа айырбастамаймын. Ал сіз тамсанып, табынып отырған, соншама керемет көрінген “Айтматов шыны”, өз ортамызда қалай бағаласақ та, біздің бүгінгі ұлттық проза жеткен биіктің құлама етегінде жатыр. Қазақ әдебиеті жаңа замандағы, ең таңдаулы демейік, орта деңгейдегі үлгілерінің өзімен “А.А.” деңгейінен аттап кеткені қашан. Алатаудың үлкенді-кішілі шыңдарының бәрі серек. Бірін бірі көтеріп тұр. Қазақ әдебиеті де жазандығы жалғыз шоқы емес, сол Алатау сияқты, іркестіркес, жұлгелі, аумақ, айдынды, басы бұлтқа жеткен заңғар. Ұлы тіл, ұлы рух, ұш мың жылдық ұздік дәстүр туғызған өзгеше құбылыс. Анық ақиқаты осы.

Жат жұртқа табынумен өткен отарлық тәртіп құрдымға кеткен. Енді отарлықтың кіріптар санадағы ауыр зардаптарынан арылуға керек. Көп қажеттің бірі – әуелі өзімізді тану. Солженицын сөккен екен, Айтматов мойындаған екен, Жириновский кіжінген екен деп алаңдай берсек, бар тіршілігіміз акталумен өтеді. Онсыз да ақпыш. Ақ екенімізді, аруақты екенімізді кәміл сезінсек, бәрі де өз орнына келеді.

8.IV.2005.